

Жастар – болашақтың кепілі

ГАЗЕТ 2005 ЖЫЛДЫҢ
28 ҚАЗАНЫНАН
БАСТАП ШЫҒАДЫ

Сана
Мидде
Санауын



№10 (47)

30 қараша, 2013 ж.

ЖАСТАР ГАЗЕТІ

Мәшһүр Жәнісін – Әлемдік Ғаламат



4-бет

Ғұламаның кесенесіне кіріп, Мәшһүр аруағына сыйынған пенденің жолы болады деседі халық. Тірлігінде жақсылық пен ізгіліктің нұрын шашып, маңайына жарық сыйлайтын жанның сәулесі жылдар өтіп, ғасырлар жылжыса да өзінен кейінгі ұрпағына жететіні сөзсіз. Оның ақындығы, ғалымдығы, еліне деген сүйіспеншілігінен бөлек, оның әулиелілігі тұрасындағы әңгіме әлі күнге дейін ел аузында.



ҰЛТТЫҚ ТЕҢГЕ –
ТӘУЕЛСІЗ
ҚАЗАҚСТАННЫҢ
АЙШЫҒЫ



3-бет

Алтынбек
Мақсатхан:

АДАМ БОП КЕЛДІМ
ӨМІРГЕ, АДАМ БОП
ӨТУ МІНДЕТІМ



5-бет



МҮСТАФА КІМНІҢ
ҚОЛЫНАН ҚАЗА
ТАПТЫ?

7-бет

ДҮРБІ

Астанада ХІ халықаралық «ХХІ ғасырдағы білім және ғылым» көрмесі өтті

20-22 қарашада Астанада ХІ халықаралық «ХХІ ғасырдағы білім және ғылым» көрмесі өтті, онда аталған саладағы жетістіктер ұсынылады. Бұл туралы елорданың ресми сайты хабарлады.

Көрме мектепке дейінгі, орта, орта арнайы, жоғары және қосымша кәсіби білім, ғылыми-зерттеу институттары мен ұйымдары, шетелде білім алу, шетелдегі жеке меншікті мектеп-пансиондар, шетелдік ЖОО-ларда оқуға стипендиялар мен гранттар туралы ақпарат, халықаралық емтихандарға (TOEFL, IELTS, GMAT, GRE) дайындалу, шетелде сынақ ісінен өту секілді бөлімдер қамтылды. Мұнымен қоса онда шет тілдері, білімдегі ақпараттық технологиялар, бұқаралық және электронды кітапханалар, оқу орындарына арналған жиһаз, кеңсе тауарлары, сондай-ақ мүмкіндігі шектеулі балаларға арналған арнайы қондырғылар мен жиһаз сынды негізгі бөлімдер бойынша өтеді.

Іс-шараның басты міндеті мен мақсаты – еліміздің экономикалық және әлеуметтік өсуі үшін қажетті мамандықтар мен кәсіптерді насихаттау, білім және ғылым саласында мемлекетаралық ынтымақтастықты кеңейту болып табылады. Еске сала кетейік, бұған дейінгі көрмеге Қазақстан, Ресей Федерациясы, Венгрия, Германия, Қытай, Малайзия, Сингапур, Корея Республикасы, Түркия, Чехия, Швейцария елдерінің білім және ғылым саласындағы 70-ден астам жетекші ұйымы мен мекемесі қатысты.

ҚазАқпарат

Тілдер туралы заңнаманың нормаларын бұзған БАҚ лицензиядан айырылады

Қазақстанның мәдениет министрі Мұхтар Құл-Мұхаммед Мемлекеттік тілдегі таратылымға қатысты қағидатын сақтамаған бұқаралық ақпарат құралдары лицензиядан айырылады деп ескертті.

«Қазақстандағы барлық бұқаралық ақпарат құралдарына қазақ тілді контенттің көлемі 50 пайыз болуы шарт. Алайда бұл қағидатты ұстанбайтын БАҚ-тар бар. Осы мәселеге қатысты біз бұқаралық ақпарат құралдарының жетекшілерін жинап, бірнеше кездесу өткізген болатынбыз. Соңғы рет 21 қазан күні жүздестік. Сол кезде олар желтоқсанға дейін бәрін реттеп қоямыз деп уәде беріп, ант суын ішкен», – дейді М.Құл-Мұхаммед. Осыған орай, министр заңнаманы сақтамайтын телеарна мен басқа да бұқаралық ақпарат құралдарына қатысты тиісті жазалар қолданылатынын, тіпті лицензиялары қайтарылатынын жеткізді.

Қазақстан жаңалықтары

Жыр жауһары - Қабдікәрім Ыдырсов

2013 жылдың қараша айының 6 күні Павлодар қаласындағы «Шаңырақ» халық шығармашылығы орталығында Қ.Ыдырсовтың «Айналдым, Ақ Ертісім, анам менің...» атты мерейтойлық кеші болып өтті.

Осы кешті Павлодар қаласының әкімі Оразгелді Қайыргелдинов арнау сөзімен бастады. Сондай-ақ, мерейтойға Алматы қаласынан Қазақстан Жазушылар одағы төрағасының орынбасары Ғалым Жайлыбай, ақын-сатирик Ғаббас Қабышұлы, ақынның ұлы – Нұрлан Ыдырсов арнайы келді. Сөз барысында Ғалым Жайлыбай Қабдікәрімнің лирикасына тоқталып: «Үлкенді-кішілі отыздан астам кітабы жарық көрген. Тұңғыш өлеңдері 1947 жылдан жариялана бастады. «Өмір гүлі», «Саяхатта», «Ол кезде он үште едік», «Үйелмелі-сүйелмелі», «Жасырынбақ», «Әр қашан күн сөнбесін», «Аршында балақай» поэзиялық жинақтары жас жеткіншектерге арналды. «Әке жолы» поэмасы, «Шуақты күндер», «Жарқын жағалау» т.б. жыр кітаптары туған жерге деген пәк сезімді, совет адамдарының асыл мұратын толғаса, «Армысың, Арабстан» жинағы халықтар достығын мырлайды. «Ойлайық та ойнайық» пьесасы, «Ел жатса да, енекем жатпайды» әңгімелер жинақтары жарық көрді», – деді өз сөзінде.

Сондай-ақ, кеш барысында Қабдікәрім Ыдырсовтың сөзіне жазылған әндер орындалды. Атап айтатын болсақ, «Баянауыл вальсі», «Ой, - жеңеше-ай», «Келші, келші, балаша» т.б. Жоғарғы оқу орнының студенттері мен жас бүлдіршіндер ақынның өлеңдерін оқыды. Мерейтойға келген көрермендер көтеріңкі көңіл-күймен тарқасты.

Дайындаған
Амангүл ТИЛЕЙ**Швеция Корольдігі мен Павлодарлық ғалымдардың бірлескен жобалары**

Швеция Корольдігінің төтенше және өкілетті елшісі Манне Венгборгтың Павлодар облысына келуі қазақстандық-шведтік екіжақты ынтымақтастық пен бірлескен ғылыми жобаларды жүзеге асыру болып табылады. Мәртебелі мейман екіжақты ғалымдардың бірлескен ғылыми жобаларының аясында болашақта атқарылатын жұмыстардың жемісті болатынына зор сенім білдіріп отыр.

Кездесу барысында шведиялық және қазақстандық ғалымдар екі ел арасындағы ынтымақтастықтың келешегі әрі бірлесе іске асыратын зерттеу жұмыстары туралы мағлұмат беріп, пікір алмасты.

Павлодар облысы әкімі Ерлан Арын екі ел ғалымдарының бірлесе жасап

жатқан жобалары жақын арада өз жемісін береді деген сенімін білдірді. Ол өз сөзінде: «Өңіріміздегі су ресурстарын есепке ала отырып, суды қолдану, суды тазарту, суды жіберу, ауыз су, су экологиясы сынды мәселелер туындайтыны белгілі. Сондықтан, қос мемлекеттің ғалымдары бірлесе зерттеуге алған жобасы осы сияқты мәселелерді шешуге септігін тигізеді деген сенімім бар», – деді.

С.Торайғыров атындағы Павлодар мемлекеттік университетінің «Ертіс» технологиялық ғылыми орталығының атқарушы директоры Жұмабек Омаров кездесу барысындағы сөзінде: «Жаһандағы көптеген экологиялық мәселелердің шешімі – инновация екені даусыз. Табиғатты тазарту, адам тұр-

Швеция Корольдігінің Төтенше және өкілетті елшісі Манне Венгборгтың Павлодар облысына арнайы іс сапарының аясында 2013 жылдың 1 қарашасы күні Швеция Корольдігінің Төтенше және өкілетті елшісі Манне Венгборг пен Павлодар облысы әкімі Ерлан Арын халықаралық және аймақаралық сауда-экономикалық, екі жақтың әлеуметтік, ғылыми-техникалық және мәдени қарым-қатынасты дамытуды көздейтін ынтымақтастық жөніндегі меморандумға қол қойды. Екі елдің ғалымдары бірлесе іске асыратын ғылыми инновациялық жобалардың жүзеге асуын қамтамасыз ететін аталмыш келісім Павлодар өңірінің индустриялық және білім-ғылым саласының дамуына зор үлес қосады деп күтілуге.

мысының қажеттілігін жеңілдету, өмірді жетілдіру үшін инновациялық жобаларды іске асырумыз қажет-ақ», – дей келе, С.Торайғыров атындағы ПМУ мен шведиялық ғалымдармен бірлескен жұмыстарына жоғары баға берді.

Кездесуде Павлодар облысында швед компаниясының құралдарымен жабдықталған ғылыми орталықтар, кәсіпкерлік мектеп ашу мәселелері қарастырылды. Меморандум шеңберінде атқарылатын жұмыстарды ұйымдастыру және жабдықтау мәселелері жоспарланды. Сонымен бірге, ынтымақтастық шведтік-қазақстандық инновациялар және технологиялар орталығын дамытуға үлкен үлесін қосатыны да сөзсіз.

Жанар ЕЛЕШОВА

ДЕМОКРАТИЯЛЫҚ МӘДЕНИЕТ ЖӘНЕ АДАМ ҚҰҚЫҚТАРЫ

2013 жылдың 13-14 қарашасында С. Торайғыров атындағы Павлодар мемлекеттік университетінде Еуропа Одағына мүше елдерінің білім беру саласы мамандарының қатысуымен демократия мәдениеті және адам құқықтарын алға бастырудағы жоғары білім берудің маңыздылығы туралы халықаралық семинар өтті.

Семинар мақсаты – «Қазақстандағы демократия мәдениетін және адам құқықтарын алға бастырудағы жоғарғы білім берудің рөлі туралы» атты Еуропалық Одақ Кеңесінің бірлескен бағдарламасын талқылау. Аталмыш бағдарлама Қазақстанның Еуропа Одағына мүше елдердің білім беру жүйесіндегі демократиялық азаматтылықты тәрбиелеу және адам құқықтары салаларында білім беру шараларының нәтижелерін Қазақстанда таратып қана қоймай, сонымен қатар еліміздің білім беру саласындағы ынтымақтастықтың жоғары деңгейін көтеру, Қазақстанның білім беру саласының Еуропа Одағына кіретін мемлекеттермен бірлесуі мен ықпалдасуын қамтамасыз етуді көздейді.

Пленарлық отырыста С.Торайғыров атындағы Павлодар мемлекеттік университетінің ректоры, экономика ғылымдарының докторы, профессор Серік Әмірбаев және құрметті қонақтар: Павлодар облысы әкімі экономика ғылымдарының докторы, профессор Ерлан Арын, Қазақстан Республикасындағы Еуропа Одағы



өкілдігінің техникалық ынтымақтастық бөлімінің бастығы Елена Левченко, Еуропа Кеңесі Білім беру департаменті екіжақты және аймақтық ынтымақтастық бөлімінің бастығы Екатерина Долгова-Дрейер, Еуропалық Студенттік Одақтың өкілі Габриела Берган, Еуропа Кеңесінің жоғарғы білім бойынша сарапшысы Бастиан Бауманн сөз сөйледі.

Сонымен қатар, сессия жұмысына Еуропа кеңесінің сарапшысы, әлеуметтік және азаматтық компетенцияларды дамыту жөніндегі департаменті, білім беруді дамыту жөніндегі орталық (Польша) Олена Стиславка, өндіріс технологиясы факультетінің

деканы, Варшава технологиялық университеті (Польша), кәсіби білім берудің жоғарғы мемлекеттік мектебінің бұрынғы ректоры Андрей Колаза белсене атсалысты.

Конференция шеңберінде Еуропалық және Қазақстандық студенттік өзін-өзі басқару тәжірибесін демократиялық қағида негізінде іске асыру, тұрақты демократиялық мәдениеттегі жоғары білім берудің рөлі, адам құқықтары және демократиялық азаматтықты оқытудың әдістері, жоғары оқу орындары арасындағы және мектептер мен жергілікті бірлестіктер арасындағы қатынастар туралы қарастырды.

ҰЛТТЫҚ ТЕНГЕ - ТӘУЕЛСІЗ ҚАЗАҚСТАННЫҢ АЙШЫҒЫ

Кез келген егемен елдің Елтаңбасы, Әнұраны, Туы болатын секілді өз валютасының болуы да заңды. Өйткені, ұлттық валютаны жариялап, оны айналымға түсіру тәуелсіздіктің басты қадамдарының бірі еді. Ал, теңгенің айналымға түсуі Егеменді Қазақстанның қаржылай да тәуелсіз екенін тағы бір жария етуі болатын.

Қай елдің болмасын валютасы мемлекеттің тарихын тікелей баяндайды, заманауи саяси-экономикалық жағдайын және жаһандық дәрежесін сипаттайды. Бүгінде ақша бірліктері мемлекеттің дамуының маңызды рөлін атқарады. Оларсыз мемлекетаралық қатынастарды орнықтыру мүмкін емес, мемлекет ішіндегі қаржы операцияларының бірін де орындай алмайды. Ұлттық банкнотта мемлекеттің тарихи оқиғалары, елдің мәдениеті мен тарихына елеулі үлес қосқан саяси-тарихи тұлғалардың бейнесі әрі мемлекеттің басты мәдени жетістіктері бейнеленеді. Сонымен бірге, бүгінде ұлттық валюта барша мемлекеттер мен халықтар үшін өте ыңғайлы және экономикалық негізі бар қаржы құралы.

ТЕНГЕ ТАРИХЫНАН

Қазақтың теңгесі 1993 жылы 15 қарашада айналымға енді. Ал, 1997 жылы 13 қарашада Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті Н.Ә. Назарбаев алғаш теңгенің айналымға түскен күнін «Ұлттық валюта күні» деп жариялады өз Жарлығында. Елдің егемендігін жаңа жар салған аумалы-төкпелі уақытта төл теңгемізді дүниеге әкелу тәуекелді қадам болатын. Мемлекеттегі экономикалық қиындыққа қарамастан, қазақ ұлтының тұңғыш валютасы жарық көрді, тәуелсіз елдің айналымына түсті. Осылайша Қазақ даласының ұлы тұлғалары Өл-Фараби, Абылай, Абай, Жамбыл, Сүйінбай, Шоқандарды бейнелеген алғашқы Қазақстан Республикасының теңгелері жарыққа шығып, айналымға түскені шын тәуелсіздіктің көрінісі болды.

Тарихи мәліметтерге сүйенсек, бүгінгі қазақ елінің аумағында алғашқы күміс монета XV ғасырда пайда болған. Отырар қаласында «таньга» деген атпен құйылған монета заманауи теңге атауының шығуына себепкер болды. Ал Қазақстанның ұлттық валютасы, төл теңгеміздің тарихы 1992 жылдан бастау алады. Алғашқы қағаз ақша Ұлыбританияда басылды. Ұлттық валютаның бекуі ел экономикасының аяғынан нық тұруына да септігін тигізді. Сол кезде Елбасымыз Нұрсұлтан Әбішұлы құпия түрде арнайы топты жинады да, ақшаның дизайнын жасатуға Англияға жібереді. 1993 жылы қарашада кеңес ақшаларын теңгеге ауыстыру жөнінде шешім қабылданды. 15 қараша күні таңертеңнен бастап құрамында қауіпсіздік қызметі мен ішкі істер органдарынан, облыс әкімдігінен, Ұлттық банк өкілдері бар арнайы комиссия жаңа ақшаны жан-жаққа бөлуге кірісті.

ТЕНГЕ БЕЙНЕСІНІҢ ЖАНАРУЫ

2006 жылы 15 қараша күні ұлттық валютамыздың жаңа дизайнмен әрленген 200, 500, 1000, 2000, 5000 және 10000 теңгелік банкноттары айналымға шықты. Дизайн мемлекеттік рәміздерді, еліміздің сәулет нысандары мен табиғи ландшафтарын бейнелей отырып, Қазақстанның осы заманғы бейнесін береді. Қолайлылық үшін номиналдарды сандық және жазбаша белгілеулер ірі қаріптермен басылды. Нашар көретін адамдар үшін банкноттарда әр жеке номиналға тән жоғары бедерлі арнаулы элементтер пайдаланылған. 2007 жылдың мамыр айында Тайландта өткен валюта конференциясында 10 мыңдық теңгеміз «Үздік жаңа банкнот» аталымы бойынша бірінші орынға ие болды.

2006 жылдың қарашасында Ұлттық банк теңгенің символын жасауға бәйге жариялады. 30 мыңнан астам сурет келіп түскен бұл бәйге 2007 жылдың 29 наурызы күні өз мәресіне жетті. Солардың арасынан Вадим Давиденко мен Санжар Әмірхановтардың жасаған жобасы ерекше деп танылды. Кейіннен бұл символдың Жапонияның пошта қызметінің символына ұқсайтындығы анықталды. Бірақ қазір теңгеміздің бұл белгісі шартарапқа белгілі болып үлгерді.

ҚАЗАҚ ЖЕРІНДЕГІ АЛҒАШҚЫ АҚШАЛАР

Қазіргі Қазақстан аумағындағы бірінші монеталар V ғасырда пайда болған. Бірақ олардың барлығы шетел валютасы болған: қытай, византиялық, сонымен қатар

шетел саудагерлері мен мәсіхшілер арқылы келген Сасанидтік ақшалар. Ең ыңғайлы және кең тараған ақшалардың бірі «ушу» деген қытай монеталары болған, олардың бауға іліп жүретін төрт бұрышты тесігі бар болған. Сонымен қатар, Римнен, Византиядан, Араб халифатынан, Үндістаннан және Монғолиядан келген алтын, күміс және платина монеталары жиі пайдаланылатын болған. Олар Тараз, Баласағұн, Отырар және Сауран аймақтарында ақша жасау басталған кезде үлгі ретінде қолданған. Монеталарда әр тайпаның белгісі – таңбаны бейнелеген. Мысалы, аңның немесе құстың суреті, балықтың суреті, бұлардың бәрі жер, аспан және суды бейнелеген. VII–VIII ғасырлары Орта Азия мен Оңтүстік Қазақстанды арабтар жаулап алған кезден бастап монеталарда араб тілінде жазулар пайда болды. Кейінірек Қазақстанның солтүстігін Ресей саудагерлері белсенді түрде игере бастады, нәтижесінде бұнда революцияға дейінгі Ресей ақшалары қолданылды.

ВАЛЮТА ТАРИХЫ

Жалпы валютаның тарихы алғаш қағаз ақша енгізілген сонау орта ғасыр кезеңінен бастау алады. Бұл валюта саудагерлер арасындағы қарыздарын өтейтін сенімхат секілді жүрді. Әртүрлі мемлекет, қалалар билеушілері алтын, күміс және басқа да құнды материалдарды сақтап, олардың орнына векселдерді шығарумен айналысты. Бірінші дүниежүзілік соғысқа дейін валюта нарығы сенімсіз әрі әлсіз болды. Соғыс аяқталғаннан кейін нарықтағы валютаның тұрақсыздығынан валюта курсының айырмашылығынан жеңіл табыс көргісі келген инвесторлар көбейді. Алайда, тәуекелге бас тіккендердің бәрі жетістікке жетті деуге болмайды. Валюталар нарығының құлдырауы Ұлы депрессияға әкеліп соқты. Міне, осы кезден бері қарапайым халықтан бастап, саясаткерлерге дейін валюта нарығының тұрақтылығы әлемдік қаржы жүйесінде қандай маңызды рөл атқаратынын түсінді.

АЛҒАШҚЫ БАНК ҚЫЗМЕТІ

Заманауи ақшалар пайда болмай тұрған көне дәуірлерде тауарлардың тең айырбастау құралы ретінде қандай да бір қоғамдағы тұтыну заттары қолданылды. Мәселен, үй жануары, метал тілімдері, жануарлар терілері, құнды және жартылай құнды тастар т.с.с. Жинаған байлықтарын сақтайтын әлемдегі алғашқы банк толық құнды ақшалар пайда болмай тұрып болған көрінеді. Алғашқы банктердің қызметін жергілікті сарайлар мен бас ғибадатханалар атқарған. Бұл жаңалықты тұңғыш рет месопатамиялықтар ойлап тауыпты. Ал, бүгінгі қаржы операцияларын орындайтын банктердің прототипі б.ғ.д.V ғасырда Көне Греция аумағындағы – Тифия банкі екен.

Түйін. Міне, ұлттық валютамыз «теңгенің» 20 жылдық мерейтойын атап өтудеміз. Тәуелсіздік Қазақстан тарихында мемлекет мәртебесін өсіру мен экономикасының нығаюы жолында теңгенің орыны ерек болды. 20 жылдық ғұмырында теңге Тәуелсіз елдің маңызды рәмізі екенін дәлелдеп шықты. Теңгенің болашақтағы қызметіне де сеніміміз мол.

Жанар ЕЛЕШОВА

Ақша туралы қызықты деректер

*Көне ақша түрлері – табиғи асыл металлдар, аң терілері, тұз.

*Ең таң қалдырарлық ақша түрлері ретінде Исландияның тастан жасалған, Фиджи аралындағы піл сүйегін жасалған ақшалар мен Сібірдегі шай брикеттерін, Ежелгі Ресейдің ақ тиін, түлкі, бұғының аң терілерін атауға болады.

*Ежелгі славяндарда ақшаның рөлін кендір матасы және содан жасалған мата – полотно атқарған. «Полотно» сөзінен – «платить» – «төлеу» деген сөз пайда болған.

*Ежелгі Римде жауынгерлердің жалақысы қапталған тұзбен төленген, («жалование» – «жалақы» сөзі осыдан пайда болған), себебі, тұз аз болып, тамақ сақтау үшін өте қажет еді.

*Еуропада XII ғ. имбирьдің бір фунтына кеме алуға болар еді.

*Шамамен, біздің дәуірімізге дейін 2500 ж. бұрын Мысырда және Кіші Азия аймақтарында тауарлар мен көрсетілген қызметтер үшін төлем ретінде әртүрлі металдарды – алтын, күміс және мысты пайдалана бастаған. Басында, оларды «құйма» ретінде пайдаланған, кейін «құймаларды» таңбалап, монеталар жасаған.

*«Монета» – деген сөз ежелгі Римде пайда болған, монеталарға бедер салу шеберханасы ретінде Джуно Монета ханшайымның храмын пайдаланған. Кейін, монеталар жасайтын орындардың бәрін «монета» деп атап кеткен.

*Монетаның ағылшынша нұсқауы «минт», французша – «моне»; осыдан ағылшын сөзі «money» – «ақша» сөзі пайда болған.

*Монеталар біздің заманымызға дейінгі VIII–VII ғғ. Лидия және Ежелгі Грецияда пайда болған. Дамыған мемлекеттерде пайда болып, монеталар көрші тайпаларда да тез тарап кетті.

*Ең ежелгі қағаз ақшалары деп біздің заманымыздан 2500 ж. бұрын пайда болған вавилондықтардың қолхаттары танылғанына қарамастан, ең ежелгі банкноттар, тарихшылардың айтуынша, Қытайда жасалынған.

*Бірінші еуропалық банк жазбасы банкнотта 1661 жылы Швецияда басып шығарылды.

*Бірінші қағаз ақша Британ империясында 1690 жылы Квебек қаласын сәтсіз қоршауға алумен байланысты төлеуге трофейлер болмаған кезде массачусетс жауынгерлеріне берілген уәделік жазбалары түрінде пайда болды.

*1696 жылы Ұлыбританияның күміс стандартынан алтын стандартына ауысты. Осыған орай алтын негізгі халықаралық қатынас құралы ретінде орнығуына себепші болды.



МӘШҰР ЖҮСІП – ӘЛЕМДІК ҒАЛАМАТ

Қазаққа біткен дара тума, ғұлама ғалым, жыр жауһары Мәшһүр Жүсіптің туылғанына биыл 155 жыл толды. Айтулы мерекені дарын иесінің жерлестері мен барша қазақ жұрты тойлауда. Осы күндері ақынның туған өлкесі Павлодар жерінде әулие отандасымыздың игілікті істерін паиететін көптеген шаралар өтіп жатты.

Сондай шаралардың бірі, 2013 жылдың 21 қарашасында С.Торайғыров атындағы Павлодар мемлекеттік университетінде қазақтың ғұламасы, ағартушымыз, шығыстанушы, фольклоршы, дарынды ақын Мәшһүр Жүсіптің 155 жылдығына орай «Мәшһүр Жүсіп – әлемдік Ғаламат» атты Халықаралық ғылыми-практикалық конференция өз жұмысын бастады.

Мәшһүр Жүсіп Көпейұлы туралы айтқанда, оны ақын, тарихшы, этнограф, әдебиеттанушы, публицист деп тізе беруге болады. Ол жан-жақты білімді және әрдайым ізденістегі адам болғаны бәрімізге мәлім. Мәшһүр-Жүсіп Көпейұлы бабамыз араб, парсы шағатай, түркі, өзбек, тәжік, сияқты тілдерді жетік меңгергені де белгілі.

Мәшһүр Жүсіптің қазақ халық әдебиетін өз замандастарына қарағанда, анағұрлым мол жинап, ол туралы кеңірек зерттеу жүргізді. Мәшһүр Жүсіп Бұхара, Ташкент, Түркістан, т.б. шаһарларға бірнеше рет сапарға шығып, білімін толықтырады. Тілдерді игерді, әдет-ғұрпын түсінеді, ғалымдармен кездеседі, көптеген ғылыми еңбектермен танысады. Сонымен бірге, ол күллі ғұмырын қазақ халқын сауаттандыруға жұмсады.

Мәшһүр Жүсіп халық арасында ең алдымен ақын-жазушы ретінде танылды. Оның жүрегінен төгілген жырлар бүгінгі күнге дейін мағынасынан айырылмаған.

Конференцияға еліміздің түкпір-түкпірінен, тіпті жаһанның жан-жағынан Мәшһүр атамyzдың ілімін зерттеушілер мен өнеріне табынушылар жиналды. Шара жұмысына ф.ғ.д., С.Торайғыров атындағы ПМУ профессоры Қуандық Жүсіп, ақынның шөбересі, С.Торайғыров атындағы ПМУ Қазақ филологиясы кафедрасының меңгерушісі, ф.ғ.д., профессор Нартай Жүсіп, Республикалық Тарихи материалдарды зерттеу ақпараттық орталығының директоры, ҚР ҰҒА корреспондент мүшесі, т.ғ.д., профессор Меруерт Әбусейітова (Алматы қ.), Р.Сүлейменов атындағы Шығыстану институтының бас ғылыми қызметкері, ф.ғ.д., профессор Нағима Сағандықова (Алматы қ.), Анкара

Университетінің профессоры, доктор Абдулхак Малкож (Анкара қ., Түркия), Түркі тілдес елдердің әлеуметтанушылары Қауымдас-тығының Президенті Стамбул университетінің профессоры, доктор Хаяти Тюфекчиоглу (Стамбул қ., Түркия), «Нұр-Мұбарак» Ислам мәдениеті университетінің про-ректоры, ф.ғ.д., профессор Керім Шамшидин (Алматы қ.), С.Торайғыров атындағы ПМУ «Мәш-һұртану» ғылыми-практикалық орталығының директоры, ф.ғ.д., профессор Айтмұхамет Тұрышев, «Лингва» ғылым-білім беру орталығының директоры, ф.ғ.д., Тюмень мемлекеттік мұнай-газ университетінің профессоры Хабиба Шағбанова Хабиба (Ресей), Өзбекстан мемлекеттік халықара-лық тілдер университетінің про-фессоры, ф.ғ.д. Маханбет Джусу-пов (Ташкент қ., Өзбекстан), Югра мемлекеттік университеті, ф.ғ.д., профессор Равиль Вафеев (Ресей), С. Демирел атындағы қазақ-түрік университет ректорының кеңесшісі, ф.ғ.д., профессор Дан-дай Ысқақұлы өз баяндамаларын ұсынды.

Биылғы жылы ҚР Тұңғыш Пре-зиденті Н.Ә. Назарбаевтың бас-тамасымен жол тартқан «Тарих толқынындағы халық» атты баг-дарлама аясындағы тың деректер мен атқарылып жатқан шаруалар туралы сөз қозғаған Республика-лық Тарихи материалдарды зерт-теу ақпараттық орталығының ди-ректоры, ҚР ҰҒА корреспондент мүшесі, т.ғ.д., профессор Меруерт Қуатқызының баяндамасы жиыл-ған көпшіліктің көңіліне дәп түсіп, назарларына ілікті. Қазақ мемле-кеттілігінің тарихы терең екеніне дәлел болатын бағалы құжаттар, қолжазбалар, хаттар мен тың деректермен таныстырды. Үнді, Қытай, Ресей, Иран, Еуропа ел-деріндегі қайнар көздер арқылы қазақ мемлекетінің тарихы өте ертеректе жатқанын білуге бола-ды. Қытай мемлекетінен әкелінген нисториандық хаттар, үнді елінде Алтын орда хандығы дәуіріндегі әр алуан суреттер, Иран мен Үнді елінен жеткен сол кездегі мемле-кеттік қолжазбалар мен хаттар, жер жаһаннан жиылған тарихи де-ректемелердің барлығы да Қазақ-станның тәуелсіз мемлекеттігі жо-лындағы қазыналы тарих беттерін толықтыратына сеніміміз мол.

Шара шеңберінде С.Торайғы-

ров атындағы ПМУ-дың шығарған туындысы «Халыққа дарытылған даналық» атты Мәшһүр Жүсіп ту-ралы деректі фильм көрсетілді. Сонымен қоса, Жүсіптің өмірлік іс-әрекетіне арналған көркем сурет байқауына қатысқан студенттерді марапаттады. Шара Мәшһүр Жүсіптің мәдени мұрасын зерттеу және насихаттауға зор үлес қос-қан үшін Мәшһүр Жүсіп атындағы Алтын медалімен белгілі ғалым-дар мен қоғам қайраткерлерін ма-рапаттау рәсімімен жалғасты.

С.Торайғыров атындағы Павло-дар мемлекеттік университеті ау-диторияларының бірінде Мәшһүр Жүсіп атындағы мұражай кабинеті салтанатты түрде ашылды. Және де концерттік залдың фойесінде С.Торайғыров атындағы ПМУ-дың С.Бейсембаев атындағы ғылыми кітапхананың сирек кездесетін кі-таптар қорынан ғұламаның тари-хи мұралары көрмесі ұйымдасты-рылды.

Ертеңгі күні конференцияға қа-тысушылар ақынның туған жері Баянауыл ауданындағы Жаңа жол ауылына жол тартты. Мәш-һүр Жүсіп әруағын кейінгі ұрпағы еске алысып, құрбан шалынып, ел жұртына ас берілді.

Бүгінгі ғалымдар оның еңбек-терінің өзектілігі мен даралығын зерттеп, тың дүниелерді ақтарып жар салуда. Ал, туған халқы оның өн бойындағы өрлік мінезі мен текті қасиетін жадында да жү-регінің түкпірінде де сақтап келді. Кеңес дәуірі патшалық құрып тұрған кезде ғалым аты тарих-тан, әдебиеттен баспа беттерінен алынып тасталғанымен, елі бүгінгі күнге дейін оны қадір тұтып, есімін биік қойды. Оның дара еңбектері, тәрбиелік мағыналы сөздері мен жырларының құдіретті күші сола-қай саясат идеялогиясынан да басым еді. Ақын жүрегінен туын-даған дүниелердің өміршеңдігінің себебі осы болса керек.

Түйін. Бүгінде әлемнің ғұла-ма ойшылдары мен ғалым-дары Ибн-сина мен Яссауидің еңбектерімен тең бағаланатын Мәшһүр Жүсіптің жұмыстарын танып-білуіне жол ашылды. Шүкір дейміз де, қазақтың ба-сына бақ болып біткен ұлының даналығы мен қасиетін, дара-лығы мен ғаламаттығын, оның жаһандық феномендік тұлға-сын мойындаймыз.

Жанар ЕЛЕШОВА

Мәшһүр Жүсіптің шығармашылығынан

ҒЫЛЫМҒА БЕРІЛГЕНДІК ҮЛГІЛЕРІ

Бір Адам сексенге келген бір құлын азат қылыпты. Со-нан соң құл ойлапты: «Құдая, сексенге келгенше пенденің пендесі болдым. Енді ғылым іздейін!» – деп медресеге барыпты. Барса, бір-екі жас жігіттер отыр екен. Бұларға айтыпты:

– Қарағым, менің енді оқуға тілім келе ме? – депті.

Онда олар айтыпты:

– Мына екі аяғыңды жоғары қаратып, басыңды төмен қа-ратып асып қойсақ, тілің келмек түгіл келеді, – депті.

– Ойбай, қарағым, өйткен-де, тілім келер болса, мені асып қойыңдар! – депті. Со-нан соң ерігіп отырған шәкірт-лер асыпты да, қойыпты. Сол бетімен шығып кетіпті. Ертең келсе, кешегі байғұс әлі со-лай тұр екен: сонда айтып тұр дейді мына сөзді: «Кінту ғыбда хиыр әулие!» –деп. «Ақырет көбірі деген кітапты осы кісі айтқан екен. Бұл айта берген де, әркім жаза берген. Алла та-ғала бір күнде сондай қылған. Алла жаратқан... Бұхарада бір шәкірт барып, бір ұстаға:

– Міфтах, – депті.

Онда ол ұста:

– Құп, тақсыр, – депті.

Бір-екі күннен соң келіп:

– Бітіріп қойдың ба? – де-генде, айтыпты:

– Сіздің не дегеніңізді біл-медім. Әйтеуір: «Құп!» – деп едім, –депті.

Сонда ол шәкірт айтыпты:

– Надан бейшара осы күн-геше бір «міфтах» мағынасын білмейсің бе? –дегенде,

– Енді не білесің, не керек айта бер! – [деп], сөгіпті.

Сонан соң ол ұста: «Өлме-генге қара жер» – дегендей, терлеп-тепшіп, істеп беріпті. Сонан соң бұл ұста дүкенін, неше түрлі сайманын тас-тап, тәрік қылып: «Ғылым оқиың!» – деп, медресеге ба-рып, оқыған екен. Еш нәрсе-ге тілі келмепті: «[Іздегенге] жер көп-ті дүние- ай!» – деп медреседен қаңғып шығып кетіпті. Келе жатып, бір ағаш-тың түбіне отырса, қылжың-дап бір құмырсқа бір аяғы жоқ бір биданы [бидайды] тістеп, бір ағашқа өрмелеп, алып шығамын деп, шыға алмай, жығылып қалады. Бидай бір жаққа, өзі біржаққа кетіпті дейді. Сөйтіп жүріп не керек, ақырында алып шығыпты. Ол байғұс мына құмырсқа-дан сабақ алып: «Бір аяғы жоқ құмырсқа житады мы-надай?!» – деп, қайта келіп, медресеге кіріп, ғалым бо-лып, «міфтах» – деген кітапты түсініп алады екен.

НАҚЫЛ СӨЗ

Аспан толған жұлдыздан –
Жарқырап туған Ай артық.
Жабы туған тұғырдан –
Қазанат туған тай артық.
Әділетсіз ұлықтан
Қайыры бар бай артық.
Түйе сойған жиыннан
Тоқты сойған той артық.
Тіл алмаған ұлыңнан –
«Сіз, біз!» – деген іні артық.
Кесектеп басқан келіннен
Кесектеген ит артық.
Ауыл кезген қызыңнан
Есіктен кезбес ит артық.
Көріп алған көріктіден
Көрмей алған текті артық.
Аттың несін мақтайын,
Алқалы топты жармаған ?!

Түйенің несін мақтайын,
Алыс жолға бармаған?!
Адамның несін мақтайын,
Адамдық атын харлаған
(қаралаған)?!

Дүниенің несін мақтайын,
Табандап тұрып қалмаған?!
Хакімнің несін мақтайын,
Жауыздардың арын арлаған?!
Қатынның несін мақтайын,
Қағып төсек салмаған?!
Баланың несін мақтайын,
Атаның тілін алмаған?!
Қыздың несін мақтайын,
Айтса бір сөзден қалмаған?!
Молданың несін мақтайын,
Өлі менен тірінің
Бәрі бірдей жалмаған.
Бұқараны сөгіп қайтейін:
Жаман-жақсы болса да,
Бір уақыт-тағы Алладан!

ҒҰЛАМАНЫҢ ӨЗ КӨРІН ДАЙЫНДАУЫ

1929 жылы Ескелдідегі қыстауын бастап, 1930 жылы аяқтап, бір қыстайды. Осы жылдың жазында зират үйін де салдыруды қолға алады. «Әуелі «Жатар орнын» да-йындатады. Үлкен келіні Ақ Зейнептің Дұсжан деген інісі-не қаздырып, өзі үнемі басын-да отырады екен. Енін, көлде-неңін, биіктігін екі жарым кез етіп алдырады да, ол біткен соң көңілі әлдебірденеңеге дауаламағандай балдызына тағы да біраз тереңдету керектігін айтады.

Күндегі әдетінше ертеңгілік тағы да басына келіп отырады да, дұға етеді. Бұл кез Дұсжан бірыңғай қиыршық тас жер үйіндісінің астынан тұтасқан бір ақ күлгін түсті тастың белгі бере бастағанын байқайды. Сөйтеді де: – Моллеке, мына жердің тасының түсі өзгере бастады, әрі тұтас жатқанға ұқсайды, енді не істейін, бө-лектеп уақтайын ба, – деп жо-ғары қарайды.

– Жоқ, Дұсжан. Менің де күткенім сол болса керек. сындырмай тұтас ал да жо-ғарыға шығар, – деп тағы да дұға оқиды. Биіктігі бір жарым, ені бір кезге таяу, қалыңдығы 20-30 сантиметр бұл тасты аты-жөнін жазып, басына белгі етіп қойғызған екен тірісінде. Ол тастың қалдығы әлі сақтаулы. Ал Мәшһек зират-ұйын екі бөл-мелі етіп салдырған да, төр-гі бөлмесіне өзін ашық қою-ды өтінеді. Ауызғы бөлмеге ыдыс-аяқ, кітап-құрандарын, ер-сайман, кілем, үккіш т.б. пайдаланған заттарын түгел қойғызды. Насыбай шақша-сына әрдайым дайын насы-байды толтырып кетіп отыру-ды өсиет етеді.

– Қысы бар, жазы бар, әрі-бері өткен жолаушылар келіп түнеп қалса, барлық мүлкімді пайдалансын. Бірақ жуып-та-залап қайыра орын-орында-рына қойып кететін болсын. Қорықпасын, мен көрден тұрып ешкімге да бас салмай-мын, – деп тапсырады. Бұл жерде Мәшһүрдің: – Мен өл-геннен кейін де қырық жылға дейін денем бұзылмайды. Тірі адам көзі көреді, серт етем. Тек жаздың ыстық ай-лары ақіретімді айырбастап отырыңдар, қыс керегі жоқ. Сонда көздерің жететін бо-лады, – деп, үлкен баласы Шәрепіденге шырақшылық-ты өсиет етеді.

**«Мәшһүр Жүсіп өмірі»,
Қызылжар, 2000 ж.**





Өлең – сөздің патшасы

5



Алтынбек Мақсатхан

Аса қадірлі салмақты сөзден сыр, озық ойдан жауһар тере білетін оқырман қауым! Назарларыңызға жаңа

"Өлең-сөздің патшасы" атты айдар жол тартты. Алдағы уақытта газетіміздің әр санында халқымыздың тағылымы мол мұраларының бірі – айтыс өнерін жанына серік еткен өңіріміздегі жас ақындардың сырға толы жыр өлеміне сапар шегетін боламыз!

Газетіміздің бүгінгі санында өзінің кіршіксіз ақ жүрегін тербеткен сансыз ойларын тамаша өлеңдермен өрнектеген Алтынбек Мақсатханның өмірі мен жыр өлеміне қанат қағамыз. Алтынбек 1995 жылы мамырдың он төртінші жұлдызында Павлодар облысы, Қашыр ауданы, Жаңа-Құрылыс ауылында дүниеге келген.

АҚЫН ЖАЙЫНДА:

Алтынбектің жеткен жетістіктері

Қазақ тілі мен әдебиеті пәнінен облыстық пәндер олимпиадасы – I орын, 2013 жыл. Облыстық XIII Абай оқулары – I орын, 2012 жыл.

II аймақтық Мәшһүр-Жүсіп оқулары – II орын, 2011 жыл.

Республикалық «Оқушы-зерттеуші» номинациясында ҚР кіші ғылым академиясының «Білім мен ғылым интеграциясы – болашаққа нық қадам» атты XXXIX ғылыми-практикалық конференциясы – I орын, 2013 жыл.

Шапық Шөкиннің 100 жылдығына байланысты облыстық жас ақындар айтысы – III орын, 2012 жыл.

Республикалық XIV Абай оқуларының жүлдегері, 2012 жыл.

«XXI ғасыр көшбасшысы» интелтуалды шоуының апталық ойын қатысушысы, 2013 жыл.

«Туған жер – алтын бесігім» атты облыстық жыр мұшайрасы – II орын, 2013 жыл.

Өмірлік ұстанымы: «Ақиқатын айт, адамға жақпағанымен Аллаға жағады»

Мақсаты: «Адам боп келдім өмірге, адам боп өту міндетім»

Сүйікті ақыны: Есенғали Раушанов

Айтыскер ақыны: Жандарбек Бұлғақов

Ақындық ұстазы: Асығат Тұрғанбек



Туған жер жайлы толғаныс

Тербетілем білмеймін, тербелемін неліктен?!
Туған жерім тым ыстық жан дүниемді еріткен.
Тұрақ қылып өлемнің алып Тұран жазығын,
Төсінді еміп тойғанша ерке ескем еліктен.

Тамшылап нұр төбемнен тұнық-теңге моншақтар,
Тұлпарыңа тамсанып, сұңқарыңа қол соққам.
Топырағыңда киіктей ойнақтаған сол сәттер,
Тастарыңда қашалып қалып кеткен сол шақтар.

Туған жерім, туған ел, бәрі, бәрі туғаным,
Тастай суға бетімді ләззаттанып жуғаным.
Төскейінде ұқсаңда, ұқпасаңда, сен үшін,
Тізіп қойып отырмын ақ өлеңнің шумағын.

Тамшылап қан, кіндігім туған жерде кесілген,
Тәубеме кеп өзінде, ал кей кездері есіргем.
Тұратынмын тамсанып шақтарымда есейген,
Түгім қалмай ғашық боп ақ қайыңға шешінген.

Тарам-тарам дүние, бір әрекет етейін,
Тағы теспей тұрғанда көздегенін көкейім.
Тірлігімде бір рет кір келтірсем атыңа,
Туған жерім өзіңнен тумай-ақ мен кетейін.

Тыныш болсын ұйысқан ауылымның тірлігі,
Тәлтіректеп кетсе екен мұңлығы мен сұмдығы.
Таңдарыңа асығып тұратыны несі екен,
Түндеріңнің, туған жер, түсініксіз шындығы.

Намыс

Тауым шағылған, тағдырдың мынау тезінен
Тарихтың куә тот баспас тіпті парағы.
Илендім талай, иненің өтіп көзінен
Заманның неге айналды мұзға балағы.

Қалың тұманда, қайғыдан басқа жол таппай
Қалай құтқарам қазақи мына тұлғамды.
Қасарыссам да бір сезім іштен қорқақтай,
Қасқырдың аузы тағы да қанға бұлғанды.

Тез жидым бірақ, есімді жоғалтпай тұрып,
Ақыр соңында намысқа келіп жүгінгем.
Отан-анамсың, бағыттан қалай тайқылық,
Тау қопарам толағай мінездігіммен.

Ұмтылдым солай ұшар шыңдарға жұлқынып,
Етекпен ерген елімді сүйреп белеске.
Бәрі де айқын, тұрған жоқ мұнда сыр тұнып,
Бұлқынған намыс, бұлтартпас айғақ емес пе?!

2012 жыл

Абаймен тілдесу

Абай:

«Бісіміл» деуді атаң ырымдаған,
Уақыттарда, тылсым күш сыбырлаған.
Шыңғыстаудың шыңынан құлақ түрдім,
Қалың елім айтар деп сырын маған.

«Түсіп мұртың аузыңа» қырылмаған,
Жараспайды қазаққа жыбырлаған.
Өкпе-өксікті өткенге қаза қылдым,
Ащы үнің жеткен кезде қырылдаған.

Тіс батырып талайлар бұрын маған,
Заманы да қасқыр боп ырылдаған.
Дос та, дұшпан көңілге қаяу салып,
Сес көрсетіп қарап ед қырын маған.

Келе ғой, маңдайыңнан иіскет ботам,
Баламысың арнаған жырын маған?!
Назың болса айтып қал бүкпей іште,
Не дер екен ұрпағым шырылдаған?

Мен:

Құлақ түріп өлеңіме ел күллі,
Көңіл құсы қуйқылжыса шіркін-ай,
Тізгін босап шабытым да желпінді,
Бұрқасындай шаңы артынан бұрқырай.

Иә, ата, назымды айтам бәріне,
Әсемпаз боп жүргеннен соң безеріп.
Ақылыңа сусап жүрміз әлі де,
Тәніме де, жаныма да сөз еріп.

Кешір деймін, кешегілер үшін мен,
Кешегінің ұмыт ата кермегің.
Тентек өмір қалт басқанын түсінген,
Құрашы ата, қайта иман-өрнегің.

Мен де ата өзіңіздей ғашықпын,
Жырға құмар, ынтық жүрек, өлеңге.
Тасып шабыт өлең қуып асықтым,
Бағым болса қайтем енді көнем бе?

Міне, менің мұным да, осы сырым да,
Жетті сізге өлеңге ұқсас пішінде.
Ішім, ата, алай-дүлей шынында,
Үш көрген соң өзіңізді түсімде...

Батаңыздан ет-жүрегім езіліп,
Қызыл тілді қырқылмастай қайрадым.
Сіздің артқан жүгіңізді сезініп,
Қара өлеңнің құлатпаймын байрағын...

2012 жыл

Олимпиаздарына

Атқа қонғанда дарабоздарым,
Намыстың жайын ғана қозғадым.
Мен жүрмін, міне, жүйріктерімнің,
Санап жүлдесін, қарап озғанын.

Көріп байрағым желбірегенін,
Дей алам қалай елжіремедім.
Қоржынға салған қос-қос алтынды,
Сендер не деген ержүрек едің?!

Алғашқы күннен алтын алғаным,
Орындалғаны алтын арманым.
Мәреге бірінші жеткенде «Вино»,
Алтын жүлденді халқыңа арнадың.

Тақымын қысып, ел сенгенінде,
Өзгелер құлап теңселгенінде,
Зұлфия, Света, Майя қыздардың,
Ерлік санаймын еңсергенін де.

Жерге құлатпай туын намыстың,
Талай тіресіп, сансыз алыстың.
Сертінде тұрып батыр-Ильям
Алтын тұғырмен тағы табыстың.

Өнұран асқақ қалықтағаның,
Шабыт береді шарықтағаның.
Ольга да тағып алтын жүлдені,
Жас елім жатыр алып бағамын.

Бір сезім тулағанда бойымдағы,
Ірікпей айттым бәрін ойымдағы.
Азуы алты қарыс қасқалар да,
Серіктің жұдырығын мойындады.

Солдай қазақ бәрін де жеңбеп пе еді,
Сол үшін де төгілді ең көп тері.
Арқалап келгенінде алтындарын,
Ақталса болды енді еңбектері...

2012 жыл

Астанаға

Жалының бар жарты әлемді шарпыған,
Қарымың бар армандағымды қалқыған.
Астана десем асқақ шыңдарды аралар,
Шабыттың шебі саған жетем деп сарқыған.

Кемшіл тұсыңды көрмеді көзім жұмақтан,
Сәлемім саған жетер ме екен жырақтан.
Жастана берем сен жайлы ойды себебі,
Астана, сені бәрінен бұрын ұнатқам.

Ерке Есіл де сырынды сақтап ұға алған,
Саған сезімім селкеу түспестен құралған.
Бұлттардан биік арманым бірақ аласа,
Бәйтерек деген айшықты күмбез мұнардан.

Жолын сілтер ме тас төбемнен ашық күн,
Мен өзің деп шалқыған шабыт тасыттым.
Мен Астана өзіңе ғана асықтым,
Мен Астана өзіңе ғана ғашықпын...

2012 жыл

Қашпасын деп қадірім...

Өксік бар өзегімді өртеп өткен,
Күз еді шыққанымен ерте көктем.
Өлімші қылып алып қызық екен,
Өмірдің өзі қайта еркелеткен.

Қаланса азаттықтың келбеті нық,
Ұятымды қойғаным ба көрге тығып.
Басынан тепкендер бар анасының
Бөлеген бесігінде тербетіліп.

Үкілі қанат беріп үміт маған,
Иесіз ойларымды құлыптағам.
Киесіз кейбір іске куә болсам
Қалайша жанарымды жұмып қалам.

Тек ерлі мына менің сай тұлғама,
Ал одан болмайды ғой тайкуға да.
Қадірін қашырмайық азат тілдің,
Менікі бар болғаны айту ғана.

2012 жыл

Өмір-өлең

Шабытым келген шақтарда,
Шалқамнан түсе жаздаймын.
Мардымды сөзге мәз болып,
Мамырлап ұшқан қаздаймын.
Тереңге бұққан сырлардың,
Өлеңге байлап бір ұшын.
Аңғардым солай тірліктің,
Дұрысын, яки бұрысын.
Солғын ойларға соқтығып,
Сыртымнан жүрсең анықтап,
Өзіңе ішкі сырымды,
Өлеңім ғана танытпақ.
Мен жаңа ғана тұтанғам,
Алау боп әлі маздаймын.
Өлеңмен емдеп жазамын,
Бұлқынған сәтте бөз-қайғым.
Өмірден мына маған қымбаттау,
Өлеңнен, сірә, азбаймын.

2011 жыл

Тәңірімнің сыйы

Ерекшелік емес әлі бұзылған,
Ерекше нұр аймалайды жер бетін.
Әсем жұлдыз, тұмса түннен сызылған,
Кем түспейді, құлпырып тұр келбетің.

Арман іздеп қанаттары талғанда,
Сірә, күнә сұрағына тіл қатпау.
Иә, иә, жақұт, лағылдардан да,
Керекудің құны маған қымбаттау.

Сарсаң қылған сейіледі қайғы-мұң,
Сол себепті мен ізіңнен қалмаймын.
Сол себепті күллі ғалам байлығын,
Ажарыңа айырбастай алмаймын.

Жерұйықты шыққанымда іздеуге,
Сайын далам Тәңірімнің сыйы еді.
Бәрінен де бесік болған біздерге,
Керекуім, топырағың киелі.

Ақынның сырға толы жыр өлеміне сапар шеккен: Мереке АМАНТАЙ

ӘЛЕУМЕТТІК ҚЫЗМЕТКЕРДІҢ ӘР КҮНІ ЕРЛІККЕ ТЕҢ

Қазан айының соңғы жексенбісінде Қазақстан Республикасы тұрғындарын әлеуметтік қорғау жүйесінің қызметкерлері өздерінің кәсіби мерекесін тойлайды. Әлеуметтік қорғау жүйесі қызметкерлерінің күні 2011 жылы Қазақстан Республикасының Президентінің Жарлығымен бекітілген. Әлеуметтік қызметкерлер ата-аналарының қамқорлығынсыз қалған балаларға, жағдайы төмен отбасыларға, мүгедектер мен зейнеткерлерге күнделікті көмектесуді өз мойнына алған абзал жандар.

Әлеуметтік қызметкерлер өмір тығырығына тап болған азаматтардың қоғамда өз орнын табуына себепші болып, қиналған жандарға жәрдемін аямайтын игілікті басты мақсатты ұстанады. Қажет кезде физикалық күшін салып, мейірімді жүрегін арнайтын, әрдайым қол ұшын беруге даяр тұратын қалаумен өмір сүретін әлеуметтік қызметкердің еңбегі де өлшеусіз. Олар өздерінің қамқорланушыларына азық-түлік, дәрі-дәрмек, психологиялық, заңнамалық, экономикалық, керек кезде медициналық, тіпті жан жылуын сарп етуге даяр болады.

Әлеуметтік қызметкерлер – әлеуметтік тұлға, қиын жағдайға тап болған азаматтар, орта, арнаулы және жоғарғы мамандық иелері бекітілген заңға сәйкес, өзінің мамандығына сай, тиісті әлеуметтік көмектерді пайдаланады. Әлеуметтік қызметкерлер 8 түрлі көмек көрсетеді.



Оларға экономикалық, құқықтық, мәдени, медициналық, психологиялық, педагогикалық және еңбекке баулу жатады. Сегіз қырлы, бір сырлы әлеуметтік қызметкерлер көмелеттік жасқа келіп қалған балаға куәлігін жасауға, ата-аналарға жеңілдіктер мен мүгедектерге берілетін жәрдемақыларды рәсімдеуге көмектеседі. Медициналық көмек қажет болса, үйге дәрігерді шақырып немесе баланың емханада қаралуына септеседі. Әртүрлі мәдени шаралар ұйымдастырады. Мүгедектердің сал ауруларына қарамастан, қоғамның тең құқылы азаматы болуы

үшін барынша қабілеттерін дамытуға көмектеседі. Әлеуметтік мамандыққа бейімделу, оны толықтай меңгеру – тәжірибе барысында болатын үдеріс. Себебі, бір мезетте адамға психологиялық әрі құқықтық, экономикалық және медициналық қызмет түрлерін көрсетуді меңгертетін мамандық иесі жоқ. Әлеуметтік мамандар жоғары білімдерін негізге ала отырып, тәжірибесі барысында меңгеріп кетеді. Ең бастысы, бұл қызметке кіріскен мамандар мейірімді және сабырлы болу керек деп санайды өздері. Себебі, тағдырдың қатал сынына тап болған

жандарды күту – қай адамның болсын қолынан келе бермейтін іс. Мұнда аса ұқыпты әрі барынша қайырымды болу керек.

Әлеуметтік сала қызметкерлері күні – барша халықтың мерекесі. Бұл нағыз адамға қамқор, жанашыр жандардың мерекесі болғандықтан баршаға ортақ үлкен мереке болып саналады. 2013 жылдың 28 қазанында С.Торайғыров атындағы ПМУ концерттік залында Әлеуметтік қызметкерлер күніне орай ұйымдастырылған салтанатты шараға «Әлеуметтік қызметкер» мамандығы бойынша білім алып жүрген студенттер белсене атсалысты. Болашақ әлеуметтік қызметкерлер өз мамандықтарына деген сүйіспеншіліктерін өздерінің өнерлерімен көрсетті. Бірі әуелеген әнмен, бірі әсем билерімен, бірі актерлік шеберлігімен, енді бірі әлеуметтік қызметкер мамандығының маңыздылығын айқындау мақсатында халық арасында сауалнама жүргізуі арқылы кәсібіне деген адалдығын паш етіп жатты. Жоғары курс студенттері Қарағанды қаласында өткен Әлеуметтік жұмыс бойынша олимпиадаға арнайы дайындаған бейне роликтері мен қойылымдарын ұсынды. Аталмыш бәйгеден студенттер қанжығасына екінші орынды байлап келді. Сонымен қоса, төртінші курс студенттері өздерінің соңынан еріп келе жатқан ізбасарларына естелік сыйлықтар мен әлеуметтік қызметкердің анты жазылған бүктеме қағаздарды табыс етті.

Диана ӘСКЕРОВА

Студенттер туралы қызықты мәліметтер

- Жапондық студенттер емтиханға өздерімен бірге Kit Kat шоколадын алып кіреді. Бұл – олардың сәттілік әкелетін бейтұмарлары екен. «Kitto katsu» жапон тілінен аударған «міндетті түрде жеңемін» деген мағынаны білдіреді.
- Everest Poker компаниясы өздерінің маркетингтік зерттеулері арқылы онлайн-покер ойыншыларының басым бөлігін студенттер құрайтындығын анықтады.
- XIX ғасырда шарапханадан қайтқан Ресей студенттерінің арқасында олардың мекен-жайлары жазылып жіберілетін болған. Бұл қатты масайып қалған студентке үйіне жетуге көмектесушілер үшін жасалған көрінеді.
- Ерте кездердегі университеттерде емтихан барысында студентке шарап ішіп отыруға рұқсат берілген.
- Сіздердің араларыңызда қарт студенттер бар ма? Жоқ?! Олай болса, еуропалық студенттерге көз жүгіртіңіз. Себебі, еуропалық адамдар көбіне жастары ұлғайған кезде студент атанып жатады. Мәселен, Швецияда студенттердің орта жасы – 25,5.
- Иель студенттері өздерінен төмен курста оқитын замандастарына дәптерлерін көшіртуге еш қиналмастан береді екен. Тегін. Бірақ көшірген студенттің көзіне жасыл бояу жағып тастайды да, күн бойы студенттің үстіне мініп жүреді.
- Норвегияда жоғарғы білімді тегін, еш кедергісіз алуға болады. Сондай-ақ студентке несие беріледі.

Масагет сайтынан алынған



ОЙТАМЫЗЫҚ

БІЛІМІДІ ЖАСТАР – ЕЛІМІЗДІҢ БОЛАШАҒЫ

Елбасы Н. Назарбаев: «Қазақстанның болашағы бүгінгі жастар. Сіздер оларға қалай білім берсеңіздер, Қазақстан сол деңгейде болады», – деп атап көрсеткендей, ел болашағы – білімді жастар. Елбасымыз осы аталған сөзінің дәлелі ретінде еліміздің жастарының болашағы жарқын болып, егеменді еліміздің өсіп-өркендеуі үшін «Болашақ» бағдарламасы бойынша соңғы жылдары шет елдерге жастарымызды оқуға жіберіп жатыр. «Бұлақ көрсең көзін аш» дегендей, қазақ жастарын білімге бағыттау бүгінде аса маңызды мәселе. Қай елдің болсын ұлттық және діни құндылықтарын сақтап, оларды жандандыратын, еңселі ертеңімен жалғастырар алтын көпір – мектептер мен медреселер.

Мұхтар Әуезов ағамыз «Бұл дәуірде өз тілін, әдебиетін білмеген, қадірлемеген адам толық мәнді интеллигент емес деуге де болады. Себебі, ол қандайлық мамандық білімі болса да, рухани ой тәрбиесінде сыңар жақ азамат болады» деген. Ал дана халқымыздан «Білекті бірді, білімді мыңды жығады» деген салиқалы сөз қалды. Білім үйренуді ислам дінінде өте ерекше орынға қойып, маңызды санайды. Пайғамбарымыз Мұхаммед (с.ғ.с) Аллаһ Тағаланың ең алғашқы түсірген сүренің аяттары да оқу, үйрену және білім жайында болғаны барлығымызға мәлім. Сонымен қатар Пайғамбарымыз Мұхаммед Мұстафа (с.ғ.с)

осындай хадисы риуаят етеді: «Әрбір мұсылман ер және әйелге білім үйрену парыз», – деген. Парыз дегеніміз яғни міндет, осы сөзде Пайғамбарымыз Мұхаммед (с.ғ.с) білімнің адам баласының дүниелік өмірінде және ақиреттік өмірінде өте керек екенін баяндайды. Қазіргі таңда жастарымыздың діни сауаты өте жоғары болулары ғана емес жан-жақты болып, дүниелік білімді де игерулері керек. Жастарымыздың діни сауатты болғандарының пайдасы осы дүниеде де ақиретте де пайдасы болады. Ақиреттегі пайдасы ол біріншіден Аллаһ Тағаланың ризашылығы, Пайғамбарымыздың (с.ғ.с) шапағаты екіншіден білген білімін адамдарға үйретуі. Дүниедегі пайдасы да аз емес. Жастарымыздың білімді болулары біріншіден, біздің болашағымызға пайдасы зор. Білімді жас мамандар қай салада жұмыс істесе де яғни дін саласында, мұғалім, инженер т.б ол сол саланың білімді маманы болады. Білімді маман деген ол жай бір сөз емес, ол аталмыш саланың толығымен игеріп білген адам. Еліміздің болашағын ойлаған өркендеуін қалаған жастарымыз ең алдымен туған еліне қызмет ету жолын жақсы көріп, санасында ойлап бекіту керек. Себебі бір нәрсені жақсы көріп жасайтын болса оның міндетті түрде нәтижесі жемісті және қайырлы болады. Жаратқан ие жастарымызды кемел білімді етсін.

Даулетсапин Қасқырбай,
Екібастұз қаласының
ардақты ақсақалы

Мұстафа дәулетті де ауқатты Шоқай бидің ұлы. Ол туралы 1914 жылы 10 желтоқсанда «Қазақ» газетінде жарық көрген Зәкір Ғайсиннің Шоқай қайтыс болғаннан кейін берген ас қаражатынан байқаймыз. Онда былай деп жазылған: «Ақмешіт уезіне қараған қыпшақ марқұм Шоқай Торғайұлына ас берілді. Шақырылған елдің бір шеті Қазалы, бір шеті Ташкент болды. Үш мыңға жақын жұрт жиналды. Астың бір шығыны бес мың сомнан асты. Бәйгеге 57 ат шауып, 17-сіне бәйге тігілді. Бас бәйгеге 8 сом ақша, екі қара тігілді», – делінген. Асқа Мұстафаның келген, келмегені туралы айтылмайды. Тек оның Петербург университетінде оқитыны жайында сөз болған. Емтихан тапсырады деп жазған. Мұстафа бастауыш білімді Перовскіде, гимназияны Ташкентте үздік бітіріп, одан

шықты. Ал Мұстафа Шоқай қазақ халқын, Орта Азия жұртшылығын отаршылдықтан босатып, егемендік ел – Түркістан Республикасын жасауға бел байлап, сол жолда өз басын құрбандыққа тікті.

ТҮРКІСТАН ЛЕГИОНЫ

Бұрынғы кезде де, қазіргі уақытта да Мұстафаға жала жабушылық бар. Тәуелсіздікке қол жеткізе тұрып, азаттық жолында алаш деп арда жүрегін сарп еткен Мұстафаны назарға ілмегеніміз ұлттығымызға сын, тарихымызды жер қылғанымыз. Мұстафаға әу бастан Түркістан легионын құрушы, қазақтың тарихи тұлғаларына ор қазушы деген де жала жабылды. Мұның ешбірінің шындыққа жанаспайтынын нақты деректер дәлелдеп берді. Ендеше сол деректер негізінде біз де шолу жасадық.

біріне тең түсетін. Олардың арасындағы дара айырмашылық – біреуінің нацист, ал екіншісінің интернационалист екені. Басқа бір сөзбен айтқанда Гитлер тек неміс халқының атасы, ал Сталин болса халықтардың атасы болды. Шоқай бұлардың бірінің ажалы екіншісінің қолынан болатынына сенімді еді. Егер олар әлемді билеу үшін ауызбіршілік жасайтын болса, онда оларға ешкім қарсы тұра алмас-тын. Бірақ Шоқай олардың достықтарының өткініш екендігін де білді. Парижде тұрақты түрде кездесіп тұрған Ресейлік босқындарының көпшілігі қаланы тастап кетуге мәжбүр болды. Олар Франция мен Германия арасындағы соғыстан бас сауғалап Португалия арқылы Америка Құрама Штаттарына қарай қашты. Соғыс қаупін Шоқай да сезіп жүрді. Алайда қиын-қыстау күндерінде өзіне құшағын ашқан Францияны туған

қырғандарын айтты. Бірақ Шоқай бұл туралы ешқандай мағлұматы жоқ екендігін, кеңестердің Түркістан аймағының ғана қызықтыратынын, кеңестер туралы одан артық ешнәрсе білмейтінін айтты. Шоқай Берлинде бір апта болғаннан кейін Парижге оралды. Көңілі орнына түскендей болды. Осымен немістердің қайтып мазаламайтынына сенді. Бірақ бұл тыныштық ұзаққа созылмады. Екі айдан кейін, нақтырақ 1941 жылы 22 маусым күні Германия Кеңестер Одағына қарсы соғыс ашты. Шоқай күндерінің алаңсыз кезеңі де аяқталды. Шоқай үшін немістердің кеңестерге қарсы соғыс ашуы күтпеген жағдай еді. Дегенмен, ол мұны Түркістанның Мәскеудің құрсауынан құтылуына оңды әсер етеді дегенге сенді. Сондықтан қатты толқыды. Жұбайымен Париж орталығына бара жатып жол бойы дамылсыз сөйледі.

Мұстафа кімнің қолынан қаза тапты?

Алаштың арда ұлы Мұстафа қазақ елін, түркі халықтарын қатты жақсы көрді. Екіншке орай, өмірін үнемі шет жерлерде өткізуге мәжбүр болды. Бұл тұрғыда тарлан ұлға оңай тимегені анық. Елін аңсады, топырағын сағынды. Жағасына біздер жазда баратын, Сырдария толқып тулап жататын. Бәрін тастап бір ғажайып сол жаққа Ұшар едім болса егер қанатым, – дейді бір өлеңінде. Өлең жолдары да оның еліне деген сағынышын айқындайды. Мұстафа Шоқай - Сыр елінің тумасы.



барып Петербург университетіне жолдама алған. Жас қазақтың саяси көзқарасы сол университет қабырғасында қалыптасып, кейін шындалса керек. Ол оқыған кезде Петербург қоғамдық ойдың орталығы іспеттес болған екен. Түрлі саяси ойларды қозғаған большевик, меньшевик, кадет, монархист, эсер сынды партиялар бартын. «Земля и небо», «Черный перо» деген қозғаулыстар өршіген де сол кез еді. Бұл турасында өз кезегінде Г. Плеханов сараптамалық-философиялық тұжырым жасаған. Жасырын террористік ұйым «Народная воля» 1881 жылы император Александр 2-ні өлтірді. 1911 жылы Киев театрында Николай 2-нің көзінше бір студент Столыпинді атып тастаған. Ал Николай 2 болса, толқу қозғалыстарын тоқтатудың орнына Ресейді өзбетінше қоя берді. 1914 жылғы тамызда алғашқы империалистік соғыста Ресей жеңілді. Осының барлығы дерлік 1917 жылғы Қазан революциясына әкеліп тіреді. Осынау қиын жағдаяттар жас қазақ студентіне әсер етпей қоймады. 1914 жылы Петербург университетінің түлегі Мұстафа Шоқай қоғам қайраткері Әлихан Бөкейханмен танысып, саяси ойларын тереңдетті. Қазақ елінің болашағы оны да қатты толғандырды. Мысалы, Ресей мемлекеттік Думасына Ахмет Байтұрсыновтың әрекеті арқылы алғаш депутат болып сайланған 6-7 қазақ жігіттері Дума сахнасында ұлт, жер, отаршылдық мәселелерін өткір пайдаланып сынға алды. Қазақ ұлы Бақытжан Қаратаевтың жалынды сөздерін В. Ленин өз еңбегінде қолданды. Олар патша үкіметінің ұлт аймақтарына қолданған отаршылдық саясатына қарсы тартысқа

Екінші Дүниежүзілік соғыс кезінде Гитлердің нацистік партиясының мен Германияның соғысқа деген құлшынысы Шоқайдың Париждегі тыныш өмірінің толықтай өзгеруіне себеп болды. Неміс армияларының Польшаны басып алуы Еуропада соғысқа жетелейтін керістікті жағдайдың тууына жол ашты. Мұнымен тек Шоқайдың ғана емес, бүкіл Еуропа елдерінің, әсіресе Германияға көршілес Франция халқының тұрмыс-тіршілігі аласапыран болды. Осыған мезгілдес неміс армиясы мен кеңес армиясы жаулап өзара бөлісіп алған Польшаның астанасы Варшавада «Прометей Одағының» жұмыстарының тоқтап қалуы заңды болды. Алайда әлі соғысқа араласпай бейбіт жатқан Францияның өзінде аласапыран жағдай қалыптаса бастады. Соғыс қаупіне байланысты Франциядағы босқындардың барлық шығармашылық тыныс-тіршілігі тыныстамай қалды. Олардың ішінде Шоқайдың 1929 жылдан бері үздіксіз шығарып келе жатқан «Яш Түркістан» журналы да бар болатын. Шоқай болса жиі-жиі Париждегі Ұлттық Кітапханаға барып, саяси тарих пен философия туралы кітаптарды көп оқитын. Осы кітаптар арқылы Германия мен кеңестердің дүтігеген мақсаттарын және мұнда қаншалықты табысқа қол жеткізе алатынын болжауға тырысты. Әсіресе екі мемлекеттің басшылары, атап айтқанда Гитлер мен Сталиннің әлемдік билік құмарлықтарының адамзатқа қандай ауыртпалықтар әкелетіндігі туралы сауалдың жауабын іздеп шарқ ұрған. Шоқайдың пікірінше олардың екеуі де өзіне сенімсіз, адасқан озбырлар еді. Олар жаратылысынан саясат пен зұлымдық аренасында бір-

отаны деп есептеді. Сондықтан соғыстан қорқып Францияны тастап кетуге болмайды деп шешті. Ол елде соғыс өрті шыға қалған жағдайда қиыншылығын француз халқымен бірге төзуге тәуекел етті. Сөйтіп Шоқай Францияда қалды, оның жүрегіне Францияның ерекше орны бар еді. Дегенмен соғыс Францияны да шарпыды. Осындай жағдайда Парижді тастап, Бордо қаласына кетуге дайындық жасаған достары бірге кетуге ұсыныс жасаса да, Шоқай келіспеді. Неміс басқыншылығына қарсы қолданған сақтық шарасы – оның архиві мен онша құны жоқ акцияларын бір банктің сейфіне сақтау болды. Бір күні Шоқай күтпеген шақыру алды. Берлинге шақырылды. Бұл шақырту Шоқайды қатты алаңдатты. Немістердің өзін Берлинге не үшін шақыртқандықтарын түсіне алмады. Немістер Польшаны басып алмас бұрын «Прометей Одағы» жұмыстары кезінде нацисттерге қарсы екенін айқын көрсететін мақалалар жазған еді. Сондықтан ол нацисттерге қарсы екендігімен танылған болатын. Сол себепті немістердің бұл кездесудің себебін іштей сезгендей болды. Бірақ ешқандай нақты қорытындыға келе алмады. Екінші жағынан шақыртуды қабылдамай кездесуге бармайтын болса, Францияны қол астында ұстап тұрған немістер керек болған жағдайда оны өз ықтиярымен ақ Берлинге алғыза білетін еді.

МҰСТАФАНЫҢ ТҮТҚЫНДАЛУЫ

Сонымен Мұстафа Берлинге келді. Берлинде өзін шақыртқан неміс өкіметтік қызметкерлері Шоқайға Кеңестердің әскери күші туралы мәлімет сұрауға ша-

Арақидік қолдарын аспанға көтеріп жазу жазған секілді ым белгілер жасады. Мария Яковлеваның айтуынша, Шоқай маңызды шешім қабылдар алдында үнемі осылай етеді екен. Шоқай бұл жағдайды пайдаланып қалу керектігін айтып жатты. Осындай ойларға шомған Шоқай мен жұбайы серуендеп болған соң, үйлеріне қайтты. Үйлеріне кіргеннен сәл ғана уақыт өткен соң үш неміс әскері келіп Шоқайды тұтқынға алды. Сол күні Парижде тұтқындалған жалғыз ол емес еді. Парижде тұрып жатқан кеңестерге қарсы орыс босқындарының өкілдері де тұтқындалды. Олардың барлығы Компиен лагеріне қамалды. Негізінде бұл лагерьді абақтыдан гөрі немістердің үкіметтік қызметкерлерінің білімін арттыру лагері деуге негіз бар. Лагерьдегі жұмыстар Ресейлік босқындардың кеңестер туралы мәліметтерінен пайдалануға бағытталды. Немістер осы мақсатта босқындар арасында Кеңестер Одағы туралы конференциялар мен талқылаулар ұйымдастырды. Шоқай да лагерьде Түркістан туралы бір баяндама жасады. Шоқайдың Түркістан туралы баяндамасы тыңдаушыларға өте ұнап, осы тақырыпта тағы бір баяндама оқылсын деген өтініш түсті. Шоқай мұны шын ықыласпен қабылдады. Бірақ лагерьде екінші баяндаманы жасайтындай ұзақ уақыт қала алмады. Өйткені Шоқайдың баяндамасын жалғыз тұтқындар ғана емес, лагерьдің неміс басшылары да ұнатқан еді. Олар кеңестерге қарсы мұндай бір баяндаманы радио арқылы түркістандықтарға қарата жасауын сұрады.

**Жалғасы келесі санда
Эльмира АБЕТЖАНОВА**



БАСТАУЫШ СЫНЫП ОҚУШЫСЫНЫҢ ДҰРЫС ТАМАҚТАНУЫ

«Ас – адамның арқауы» демекші, дұрыс тамақтану адам өміріне, денсаулығына байланысты барлық қызметінде үлкен рөл атқарады. Дұрыс тамақтану маңыздылығы баланың ақылды болуына, ауруға бейімді болып өсуіне жауап береді. Бұрыс тамақтанудың таралуының негізгі себептері оқушылардың, мұғалімдердің және ата-аналардың салауатты тамақтану туралы аз білуі. Салауатты тамақтану балалардың дұрыс өсуі мен дамуының, денсаулықты сақтау және аурулардың туындау қаупін төмендетудің негізі болады. Сонымен қатар, дұрыс тамақтану оқушының сымбатты, денсаулығы мықты, ақылды, еңбекқор, оқуда озат болуына тікелей ықпал етеді.

Бұл айтылғандардың барлығы да ғылыми дәлелденген. Дұрыс тамақтану бала денсаулығын сақтау үшін өте керек. Тамақтанғанда адам алуан түрлі топтардан алынған тағам түрлерін қолдану керек. Тамақ құрамында әр түрлі мөлшерде құнды қоректік қндылықтар болады. Оларды дәрумендер мен минералдар, ақуыздар мен көміртегілер, талшықтар, майлар деп атаймыз. Күнделікті астың дәрумен мен минералдарға бай болғанын ескеру қажет. Баланың ас мәзірінде дәнді дақылдар, көкөністер мен жемістер, сүт өнімдері, ет өнімдері мен жұмыртқа сияқты тағам түрлері болғаны жөн.

Ауруға төзімді озат оқушы болу үшін дұрыс тамақтану өте маңызды. Адам денсаулығы дұрыс тамақтануға тікелей бай-

ланысты. Адам бойына дәрумендер мен минералдар жетпесе әр түрлі ауруларға ұшырайды. Сол себепті, бала дәрумендерге бай жеміс-жидектер мен көкөністерді күнде жеуі керек. Ол балалар жұқпалы ауруларға көп душар болмайды.

Дұрыс тамақтану уақытылы тамақ ішуге де байланысты. Уақытында дұрыс тамақтанған бала дені сау, төні мықты, ақылды бала болып өседі. Бала үшін таңертеңгілік асты қабылдау өте маңызды. Дұрыс тамақтану тағы ас ішудің басты ережелерін қолданғанға да байланысты.

Жалпы, мен қоғамда балалардың дұрыс тамақтанбау мәселесі өзекті болып тұрғанын байқаймын. Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымы әлемде аурудың көбеюінің 60 пайызы дұрыс тамақтанбауға байланысты деген тұжырымдама жасаған. Бұл тұжырымдама дүниежүзілік зерттеудің нәтижесінде белгілі болған.

Мектеп оқушыларының оқуда озат, қабілетті, күш-қуатқа толы, сергек болуы үшін құнарлы, пайдалы, сапалы, алуан түрлі тағам жегені абзал. Біріншіден, олардың тамақтану рационында балалардың күш жұмсауына байланысты құндылығы жоғары тамақ болғаны дұрыс. Екіншіден, бастауыш сынып оқушысы макротағамдық және микроағамдық заттардың толық құндылығы жағынан теңгерімді тамақтанғаны дұрыс. Үшіншіден, баланың тамақтану рационында барлық тағам түрлері болуы тиіс. Төртіншіден, тамақтану режимінің тиімділігі, бесіншіден, балалар-

дың жеке талғамын ескеру, алтыншыдан, тамақ дайындаудағы тазалықты ұстану нұсқаулықтары ескерілуі баланың денсаулығына тікелей әсер етеді.

Салауатты тамақтану – дегеніміз дәрумен мен минералдардан тұратын құндылығы жоғары өнімдермен ауқаттану екен. Мысалы, сүт өнімдерінде баланың өсуі үшін ең қажетті кальций бар. Соның ішінде пайдалырағы қатық пен табиғи айран мен йогурттар. Сүзбе, ірімшік, құрт, қаймақ, қымыз, майды қабылдау баланың дұрыс тамақтану әдеттерін қалыптастырудың бір жолы. Ал, қымызда V_1 , V_2 , V_3 , V_{12} , А, С дәрумендері бар. Шипалық әсері: әртүрлі бактерияларды жойғыш қымыз бактерияларға қарсы тұрады. Асылы, ауызынан ақ ажырамаған халық көп аурулардың алдын алып, дені мықты, өмірі ұзағынан болған.

Бастауыш сынып оқушысының дұрыс тамақтануы туралы зерттегенде мынандай бақылау жасадым. Мен құнарлығы жоғары, макро және микроағамдық заттарға бай өнімдерді, табиғи, бұқтырылған, қайнатылған тамақтарды әрі жемістер мен көкөністерді, ағарған өнімдерді өзімнің күнделікті дастархан мәзіріме қосып 1 ай бойы тамақтандым. Бірінші аптасында-ақ оң өзгерістер мен денсаулығымдағы оңалударды байқадым. Сергек, жұқпалы ауруларға төзімді, оқу үлгерімім әлдеқайда өсті. Сол себепті, дұрыс тамақтанған бала міндетті түрде денесінің шымырлағанын, өрісінің өскенін сезінетін болады. Әрбір бастауыш сынып оқушысы егемен еліміздің келбетті де дені сау ұрпағы екенін ұмытпағаны жақсы.

Бастауыш сынып оқушылары арасындағы аурулардың алдын алу үшін, озат

оқушы болу үшін, дені сау мықты болып өсу үшін дұрыс тамақтануды балалар кішкентай кезінен әдетке айналдырғаны жақсы. Жалпы, дұрыс тамақтану дегеніміз – дәмді, пайдалы, әр түрлі, сапалы және уақытында, жүйелі тамақтану тәртібіне сай ас қабылдау. Яғни, осы қарапайым қағидаларды естен шығармай өскен бала – еліміздің салауатты азаматы болады.

Тамақтану мен оқудың бір-бірімен тығыз байланысты екенін даусыз. Өйткені, жақсы денсаулық оқушының үлгерімін өсіретінін айтқым келеді. Дұрыс тамақтану адамның өмірінің ұзақ, дені сау, ақылды болып өсуіне ықпал етеді.

Дұрыс тамақтанбағанда денемізге қауіп келетіні анық. Бұны білу денсаулық үшін өте маңызды екен. Бүгінгі қоғамда бастауыш сынып оқушыларының арасында бұрыс тамақтану әдетінің көбеюі белең алып келеді. Сондықтан, мектеп оқушыларының тамақтануына ден қойып, көңіл бөлген жөн.

Сондықтан, мына ұсыныстарды ұсынамын:

1. Қазақстандық бастауыш сынып оқушыларын сапалы, ақуыздарға, көмірсуларға, дәрумендер мен минералдарға бай тамақпен үлкендер яғни, ата-аналар, мұғалімдер ел басқарып жүрген ағалар қамтамасыз етілуін қадағаласа, бастауыш сынып оқушыларының, яғни, болашақ салауатты да саламатты азаматтарымызды қалыптастыруға көмек болар еді.

2. Балаларға, ата-аналарға, мұғалімдерге бастауыш сынып оқушыларының дұрыс тамақтануы жайында ақпараттар жиі насихатталатын болса, келешек ұрпақ үшін нұр үстіне нұр болар еді.

№35 ЖББОМ оқушысы
Исаәділ СҮЙІНДІК

ТІЛ СЫРЫНА САЯХАТ

Дүниежүзінде халық та, соған орай тіл де көп. Ғалымдар соңғы кездерге дейін әлемде екі мыңнан астам немесе үш мыңға жуық тіл бар деп келген еді.

1980 жылы Герман Федерациялық Республикасында жарияланған мағлұматтарға қарағанда 5661 тіл бар екен. Қазір дүниеде 2796 түрлі тіл қолданылады. Қолданатын жан саны 50 миллионнан асатын тіл – 13. Егер бұл тілдерді қолданатын жан санының аз-көптігіне қарай тізсек, реті мынандай болады: қытай тілі, хинді-орда тілі, ағылшын тілі, испан тілі, итальян тілі. Бұл тілдер 65 мемлекетте мемлекеттік тіл ретінде қолданылады.

Дүние жүзінде ресми тіл саны алтау: қытай тілі, ағылшын тілі, орыс тілі, испан тілі, француз тілі, араб тілі.

Дүниедегі барлық аударма шығармалардың 33% ағылшын тілінен аударылса, 15% – француз тілінен, ал 1% неміс тілінен аударылады.

Жалпы 6 мыңға жуық тілдің 100-і ғана мемлекеттік деген статуска ие болған. 1989 жылы «Тіл туралы» Заң қабылданғаннан бері қазақ тілі де осы мемлекеттердің қатарына кіргеніне қуаныштымыз.

Полиглоттар тарихынан қызықты деректер

*Шығыс ғұламасы Әл-Фараби 70-ке жуық тілді меңгерген.

*А. Пушкин француз, ағылшын, неміс, итальян, испан, латын, грек, славян тілдерін білген. Көне еврей тілін зерттеген.

*Ұлы Абай орыс-қазақ тілдерімен қатар

парсы, араб тілдерін меңгерген. Орыс тілін орта жастан асып барып, кеш меңгерген.

*Қазақ халқының ұлы перзенті Ш. Уәлиханов араб, шағатай және түркі тілдерінің біразын білген. Кадет корпусында оқып жүргенде орыс тілін жетік біліп үлгерген.

*А. Грибоедов бейтаныс біреуге жазған хатында: «Менің игерген білімім славян және орыс тілін, латын, француз, ағылшын, неміс тілдерін игергенімде болса керек. Персияда болған кезімде парсы және араб тілдерімен шұғылдандым», – дейді.

*А. Луначарский испан тілін 57 жасында үйренген екен.

*И. Крылов Еуропаның негізгі тілдерін түгел игерген. Елу жасында ол көне грек тілінде еркін сөйлеген.

*Профессор Қ. Жұбанов көп тіл білген кісі. Тіпті ана тілімізді салыстырмалы жүйемен үйренуге де, зерттеуге де себі бар деп жапон тілін де игерген.

*Белгілі қазақстандық және ресейлік тарихшы, прозашы, ақын, әлемге Ш. Уәлихановтың есімін танытқан С. Марков түркі тілдерінің көбін білген, тіпті санскритті де меңгерген.

*Шотландиялық Дерик Хернинг те 22 тілде еркін сөйлейді екен. Ол 1990 жылы Брюссельде өткен «Европа полиглоты» байқауында жеңімпаз болған.

*Кибернетика «атасы» деп есептелетін Норберт Винер 13 тілді зерттеген.

*Люксембург халқының түгелге жуығы төрт тілде еркін сөйлей алады, әсіресе, жастары. Ең бастысы, Люксембург балалары мектепке дейін төрт жастан бастап тегін ана тілінде, екінші сыныптан бастап француз тілінде

оқиды. Ағылшын тілі алтыншы сыныптан басталады.

*М. Әлімбаев татар, қырғыз, қарақалпақ тілдерін сөздіксіз аударарды. Өзбек, түрікмен, башқұрт, балқар, ноғай, қарашай тілдеріндегі шығармаларды оқи алады, сөздік арқылы тәржімалайды.

*Г.Бельгер: «Неміс тілі, қазақ тілі, орыс тілі – шабытымның үш қайнар бұлағы» деп есептейді.

Осы бөлімді қазақ халқының «Жеті жұрттың тілін біл, жеті түрлі білім біл» деген мақалымен, А. Чеховтың «Бірің білмеген адам өзін паспортсыз жандай сезінеді» деген қанатты сөздерімен аяқтай отырып, көп тіл игергісі келетіндерге бірер кеңес береміз.

Полиглоттарға кеңес:

*Үзбей жаттығу. Атақты неміс археологы Генрих Шлиман үнемі жаттығуының арқасында күніне прозалық текстің жиырма бетін жаттап алуға қолы жеткен. Ол орыс тілін 6 апта ішінде үйренген.

*Алдымен негізгі тілдерді, ал сонан кейін сол тілдерге жақын тілдерді үйрену қажет екен. Әрине, адам көбірек тіл білсе, жаңа тілді игеру де жеңіл болады.

*Ең бастысы – қорықпау керек. Тілді үйрене жүріп, өз ойыңды сол тілде түсіндіруге тырысу керек. Үйреніп жүрген тілде сұрақ қоя отырып, тіл білетін және өзіңізге көмек көрсете алатын адаммен барынша көбірек сөйлесіңіз.

*Музыканы көбірек тыңдап, есту қабілетіңізді дамыта беріңіз. Жақсы естіп-білу, шетел тілін үйренуде жақсы көмекші.

Антик философтары тілді бесіктегі деміңнен, соңғы деміңе дейін үйренсең де аз дегенін ұмытпайық!

Қазақ тілі сайтынан

Қараша қандай ай?

Мал семіретін мезгіл. Ертеде салық малын осы айда жинаған көрінеді. Оны халық «қараж», «қаражшы» деп (қаражат жинаушы деген мағынада) атапты. Содан осы ай атауы қалыптасса керек. Қарашада қысқа шыдай алмайтын малдар сойып алынады. Қарашадағы ауа райы күн бұрынғыдан да суытады. Қар түсе бастайды. Мұны «қарашаның қары» деген. «Қарашаның қайтуы» деген сөзді де халық арасынан жиі естиміз. Ол осы айда құстардың оңтүстікке қайта бастауын білдіреді. Қарашада туғандар Шоқан Уәлиханов (1835), Ыбырай Алтынсарин (2.11.1841), Мыржақып Дулатов (25.11.1885), Ғабиден Мұстафин (21.11.1902), Мариям Хакімжанова (16.11. 1906).



МЕНШІК ИЕСІ:
С.Торайғыров
атындағы Павлодар мемлекеттік университеті

Редактор:
Жанар Елешова

Дизайнер: Н. Яницкая

Тілшілер: Ұ. Төлеу, Н. Рабилова, М. Амантай.

Ақылдастар алқасы:
Қ.Алдабергенов, Ж. Бижан, А.Тойшыбайұлы, Г. Кенжебалина.

Редакция мекен-жайы:
Павлодар қ., Ломов көшесі, 64, каб.427-А, тел.673648

• ГАЗЕТ Қазақстан Республикасының Мәдениет және ақпарат министрлігінде есепке алынып (04.12.2008), ол туралы №9722-Г күйігі берілген.
• ГАЗЕТ бетіндегі автордың мақалалары, хаттары редакцияның көзқарасын білдірмейді

• ГАЗЕТ Павлодар облыстық «Баспасөз үйі» ЖШС баспаханасында басылды. Павлодар қ., Ленин к., 143 үй, тел. 61-80-26
• ГАЗЕТ айына бір рет шығады, таралымы 500 дана.
Тапсырыс № 5116